

Елді мекендерде және қала сыртындағы автомобиль жолдарында қоғамдық тәртіпті сақтау және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша Қазақстан Республикасы полиция қызметкерлерінің патрульдік-бекеттік қызметті атқаруы жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 15 ақпандағы № 164 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 17 ақпанда № 31917 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы № 607 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі туралы ереженің 15 тармағының 54-1)-тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Елді мекендерде және қала сыртындағы автомобиль жолдарында қоғамдық тәртіпті сақтау және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша Қазақстан Республикасы полиция қызметкерлерінің патрульдік-бекеттік қызметті атқаруы жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шараларды орындау туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі

М. Ахметжанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрлігі

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі

Елді мекендерде және қала сыртындағы автомобиль жолдарында қоғамдық тәртіпті сақтау және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша Қазақстан Республикасы полиция қызметкерлерінің патрульдік-бекеттік қызметті атқаруы жөніндегі нұсқаулық

1-Тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық елді мекендерде және қала сыртындағы автомобиль жолдарында қоғамдық тәртіпті сақтау және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі Қазақстан Республикасы полиция қызметкерлерінің және Ұлттық ұланның әскери қызметшілерінің (бұдан әрі - қызметкерлер) патрульдік-бекеттік қызметті (бұдан әрі - қызмет) атқару тәртібін айқындайды.

2. Патрульдік-бекеттік қызметті атқаруды патрульдік-бекеттік жасақтары (бұдан әрі - ПБЖ) қамтамасыз етеді.

ПБЖ құрамы жедел жағдайға және қызмет атқару ауысымына байланысты екі және одан да көп қызметкерлерден және (немесе) Ұлттық ұланның әскери қызметшілерінен тұрады, олардың қатарынан жетекші тағайындалады. ПБЖ жетекшісі қызмет атқару кезінде қойылған міндеттердің нақты орындалуын, қызмет атқару кезінде және ұсталған адамдарды жеткізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

Қызметке түсетін ПБЖ маусым бойынша нысанды киім киеді, сырт келбеті ұқыпты болады.

3. Қызмет атқару кезеңінде ПБЖ Жедел басқару орталығының, полиция органдарының кезекші бөлімінің (бұдан әрі - кезекші бөлім) немесе қызметке басшылықты жүзеге асыратын лауазымды адамдардың жедел бағынысында болады. ПБЖ олардың қарамағына қызметке кірісу туралы ауызша бұйрықтан кейін түседі, ал бағыныстан қызмет аяқталғаны туралы бұйрық берілгеннен кейін шығады.

4. Қызмет атқару үшін ПБЖ-ға патрульдеу бағыты (бекет) анықталады, оның ұзақтығы нақты жағдайлар мен жедел жағдайға байланысты, оның шекаралары бағыт карточкасында көрсетіледі. ПБЖ-ға бір немесе бірнеше бағыттар бекітіледі.

5. Бағыт (бекет) карточкасы қызмет бабында пайдаланылатын құжат болып табылады және қызмет атқаруға бақылауды жүзеге асыруға құқылы лауазымды адамдарға ғана ұсынылуға жатады.

6. Қызметте ПБЖ-ның келесі түрлері қолданылады: жаяу патруль, автомобильдегі және басқа да көлік құралдарындағы патруль; атты патруль; итпен бірге патруль, модульдік полиция бекеті, "Шеп" стационарлық полиция бекеті.

2-тарау. Патрульдік-бекеттік қызмет

1-Параграф. Қоғамдық тәртіпті сақтау және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша патрульдік-бекеттік қызметті атқаруға дайындық

7. Қызмет атқару үшін ПБЖ-ға тағайындалған қызметкерлер нұсқаманың басталуына дейін кемінде 15 минут бұрын бөлініс орналасқан жерге келеді. Келгені туралы кезекші бөлімге және командирге бекет ведомосына белгі қою үшін баяндайды.

8. Қызметкерлер қажетті қару-жарақты, құрал-сайманды, байланыс, жеке қорғану құралдарын, арнайы және техникалық құралдарды, қызметтік құжаттаманы "Патрульдік полицияның саптық бөліністерін жабдықтау тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 26 қазандағы № 737 бұйрығымен бекітілген тізбеге сәйкес алады.

Көлік құралдарына бекітілген жүргізушілер рейс алдындағы медициналық тексеруден өтеді, жол парақшаларын алады және көлік құралдарының дайындығын қамтамасыз етеді.

9. Қызмет атқару кезеңінде қызметкерлер алынған мүліктің сақталуын қамтамасыз етеді және қызмет аяқталғаннан кейін кезекші мен жауапты лауазымды адамға тапсырады.

10. Қызметкерлер ПБЖ-ның жалпы сапқа тұруы жарияланған кезде нұсқамаға қатысады. Нұсқама өткізетін лауазымды адамның барлық бұйрықтарын орындайды. Қызметтік міндеттерін орындауға қатысты қойылған сұрақтарға жауап береді. Қызметтік кітапшаға жеткізілетін бағыттамааларды, қызмет атқаруға қатысты өзге де ақпаратты жазады, іздеудегі адамдардың фотосуреттерін алады.

11. Қызметке түсетін қызметкерлер:

- 1) бағыттың жедел жағдайы мен ерекшеліктерін;
- 2) жақын орналасқан ПБЖ-ны және олармен байланыс орнату жүйесін;
- 3) іздестіру жарияланған адамдардың, мүліктің және көлік құралдарының белгілерін;
- 4) қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтардың, жол-көлік оқиғалары жасалуының (бұдан ары - ЖКО) және адамдардың көп жиналуының ықтималдығы жоғары орындарын;
- 5) бағыт аумағындағы маңызды нысандардың, мемлекеттік аса маңызды объектілердің, балалардың және азаматтардың жаппай келетін басқа да мекемелердің орналасуын және олардың жұмыс режимін;
- 6) бағытқа жақын орналасқан көшелердің, қиылыстардың, алаңдардың аулалардың орналасуын білуі тиіс.

12. Қызметке кірісу туралы ауызша бұйрықтан кейін ПБЖ қызмет атқару орнына барады.

2-Параграф. Қоғамдық тәртіпті сақтау және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша патрульдік-бекеттік қызметті атқару кезінде байланыс және бейнетіркегіш құралдарын пайдалану

13. ПБЖ-ны басқару бас радиостанция орналасқан кезекші бөлімнің радиобайланыс құралдарының көмегімен жүзеге асырылады. Радиостанцияны қосу қызметке кірісу туралы ауызша бұйрықты алған сәттен бастап жүргізіледі, радиостанция ол аяқталғанға дейін өшірілмейді.

14. Радиоалмасуды жүргізу кезінде ПБЖ:

- 1) радиостанцияны өз бетінше ажыратуға, оны қызметтік қажеттіліксіз басқа адамдарға беруге жол бермеу;
- 2) бас радиостанцияның, тікелей басшылардың, тексерушілердің шақырулары мен хабарламаларына дереу жауап беру;
- 3) радиостанциядағы өз арнасының нөмірін, өзінің және бас радиостанцияның, басшылардың және өзімен шектес ПБЖ-ның шақыру белгілерін білуі;
- 4) корреспондентті шақыруды қатаң түрде оған бекітілген шақыру белгісі бойынша жүзеге асыруы;
- 5) жүргізіліп жатқан радиоалмасуды үзбеуі, эфирде кезектілікті сақтауы;
- 6) корреспондентті қатарынан үш реттен асырмай шақыруы, одан кейін басқа корреспонденттерге кедергі келтірмеу үшін 5-10 минутқа үзіліс жасауы;
- 7) эфирде сөйлесулерді қысқа, жақсы түсінікті тілмен, қатты, байыпты дауыспен жүзеге асыруы қажет.

15. Радиоалмасуды жүргізу кезінде:

- 1) қызмет атқару бойынша қызметтік міндеттерді орындаумен байланысты емес ақпаратты;
- 2) құпия ақпаратқа және таратылуы шектелген ақпаратқа жатқызылған мәліметтерді, сондай-ақ қызметкерлердің лауазымы, атағы, тұрғын мекенжайларын радиостанция арқылы айтуға рұқсат етілмейді;

16. ПБЖ-ға жүргізіліп жатқан радиоалмасуға араласуға басты радиостанциямен шұғыл шақыру батырмасын басу арқылы төтенше жағдайлар (бұдан әрі - ТЖ) кезінде ғана рұқсат етіледі.

17. Алып жүретін бейнетіркегішсіз қызмет атқаруға, сондай-ақ өз бетінше ажыратуға, бар жазбаны жоюға тыйым салынады. ПБЖ-ның бейнетіркегішті қосуы қызмет атқару басталған сәттен бастап және ол аяқталғанға дейін үздіксіз жүргізіледі.

Аудиобейнежазбаны жүргізу процесінде қызметкер мен құқық бұзушының барлық іс-әрекеттері тіркеледі, оның ішінде материалдардың құрастырылуы және құқық бұзушыны полицияға жеткізілуі, сондай-ақ көлік құралдарын тоқтату.

18. Ішкі істер органдарының (бұдан әрі – ИО) жеке құрамының аудиобейнетіркегіш құралдарын пайдалану тәртібі "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары

қызметкерлерінің әрекеттерін және қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтардың жасалу фактілерін тіркеу үшін техникалық құралдарды пайдалану нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 31 желтоқсандағы № 971 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10227 болып тіркелген) регламенттеледі.

3-Параграф. Қоғамдық тәртіпті сақтау және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезінде патрульдік-бекеттік жасақшаларының азаматтармен қарым-қатынасы

19. ПБЖ азаматтармен қарым-қатынас кезінде өз қолынан жібермей қызметтік куәлігін ұсынады (Қазақстан Республикасының заңнамасында өзге құжаттаманы көрсету көзделмеген), өзінің лауазымын, атағын және тегін атап таныстырады (бұл ретте қолын бас киіміне қоймайды, қол алысуға жол бермейді), одан кейін тоқтату себебі мен мақсатын қысқаша хабарлайды.

20. Азаматтар жүгінген жағдайда ПБЖ оларды мұқият тыңдайды және құзыреті шегінде өтініштері бойынша шаралар қабылдайды, сондай-ақ құзыреттен тыс қойылған мәселені шешу үшін қайда жүгіну керектігін түсіндіреді.

21. Азаматтардың барлық жүгіну жағдайларында ПБЖ мұқият, әдепті, сыпайы болуы тиіс, тек "Сіз" деп сөйлейді, өз талаптары мен ескертулерін сенімді және түсінікті түрде баяндайды, бұл ретте ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлайтын іс-әрекеттерге жол бермейді.

22. Егер азамат әкімшілік іс жүргізуді және басқа да заңды шектеулерді қамтамасыз ететін қызметкердің іс-әрекеттеріне ашулық танытса, оған тынышталуға уақыт беріп және оның мінез-құлқының заңсыздығын, сондай-ақ шағымдану тәртібін түсіндіруі қажет. Одан кейін әкімшілік материал толтырылады немесе әкімшілік іс жүргізудің өзге де функциялары жүзеге асырылады.

23. ПБЖ аудио, фото немесе видео жазбалардың жүргізілгеніне немесе жүргізілмегеніне қарамастан, құқық қорғау органдарына кір келтіретін іс-әрекеттерді жасамай, Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде өзінің қызметтік қызметін жүзеге асыруы қажет. Өзінің қызметтік іс-әрекетінің аудио, фото және бейне жазу процесін азаматтардың заңды құқығы ретінде қабылдау және оған сабырлы түрде ден қою тиіс (қызметкерлердің қызметтік міндеттерін орындауына кедергі жасау арқылы қылмыс жасалған жерді тіркеу жағдайларын, қылмыс жасалған жерде жүргізілетін процестік әрекеттерді, сондай-ақ әкімшілік іс жүргізу процесіне ұқсас іс-әрекеттермен үшінші адамдардың араласу жағдайларын қоспағанда). Әлеуметтік желілердің ашық көздерінде ақпараттың шығуына не болмауына қарамастан, командирге оның қызметтік іс-әрекетінің тіркелуінің осындай деректері туралы баяндауы тиіс.

24. Азаматтардың құжаттарымен, оларды тексерген кезде мұқият болып, оларда ешқандай белгі жасамау керек. Қолдан жасаудың айқын белгілері бар құжаттарды ұсынған немесе оларды заңсыз иеленген адамдар полиция органдарына жеткізіледі.

25. Шетелдіктермен, дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктердің қызметкерлерімен байланысқа ПБЖ тек өзінің қызметтік міндеттері шегінде ғана түседі (құқық бұзушылықтардың жолын кесу, ұшақтың, жолаушылар поезының, электр пойызының қозғалыс кестесін түсіндіру, қонақ үйлердің, тамақтану пункттерінің, жанар-жағар май құю станцияларының, техникалық қызмет көрсету станцияларының орналасуы).

Шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың құжаттарын тексеру кезінде ПБЖ шетелдік паспорттың, тұруға ықтиярхаттың, азаматтығы жоқ адамдар куәлігінің қолданылу мерзіміне, олардың осы елді мекенде болуының заңдылығын растайтын, тіркелгені туралы белгісі бар визаның, көші-қон карточкасының болуына назар аударады. Бұзушылықтар анықталған кезде Қазақстан Республикасы "Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы" кодексінің (бұдан әрі – ӘҚБтК) және Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодекстің (бұдан әрі – ҚПК) талаптарына сәйкес жауапкершілікке тартуға шаралар қолданылады.

26. Денсаулық жағдайы ауыр екендігі айқын адамдар (оның ішінде жәбірленушілер, күдіктілер) табылған кезде олар табылған жерге дереу жедел медициналық көмек шақырылады және ол келгенге дейін дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсетіледі. Полиция органдарына жеткізу одан ары ауруханаға жатқызу қажеттілігі және жедел медициналық жәрдем дәрігерімен анықтап белгіленген қарсы көрсетілімдер болмаған кезде ғана жүзеге асырылады. Құқық бұзушылыққа күдікті адамдарды шұғыл емдеуге жатқызу жағдайында кезекші бөлімнің нұсқауы бойынша ПБЖ бағытты қалдырады, ұстау режимі туралы мәселе шешілгенге дейін оларға ілесіп жүруді және күзетуді ұйымдастырады.

27. ПБЖ қажет болған жағдайда жүргізушілерге олардың басқа жол қозғалысына қатысушыларға кедергі туғызған көлік құралдарын тасымалдауға көмек көрсетеді (ақауы бар, ЖКО, оның ішінде қаладан тыс автомобиль жолдарында).

3-тарау. Патрульдік-бекеттік қызметті атқарудың түрлері мен әдістері

1-Параграф. Қоғамдық тәртіпті сақтау және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі патрульдік-бекеттік қызметті атқару (жаяу патруль, автомобильде және басқа да көлік құралдарында патрульдеу; атты патрульдеу; итпен бірге патрульдеу, модульдік полиция бекеті, "Шеп" стационарлық полиция бекеті)

28. Қызметке түсетін ПБЖ қызмет атқару орнына (бекет, патрульдеу бағыты) келіп, нұсқамада алынған нұсқауларға сәйкес кезекші бөлімге өзінің келгені және қызмет

атқару аймағындағы жағдай туралы баяндайды (бұдан әрі сағат сайын, ал радио және ұялы байланыс болмаған жағдайда, оның пайда болуына қарай баяндайды).

ПБЖ қызметті бөлек атқару кезінде көру және есту шегінде (тек тәуліктің күндізгі уақытында және бір-бірінен 100 метрге дейінгі қашықтықта) болады.

Патрульдеу бағытында ПБЖ жағдайдың өзгеруін тіркейді және осының негізінде қызмет атқарудың неғұрлым орынды тактикасын таңдайды.

29. Қызметке түскен қызметкерлер мынадай міндеттерді орындауды:

1) көшелерде және басқа да қоғамдық орындарда құқықтық тәртіпті, сонымен қатар автомобиль жолдарында жол қауіпсіздігін;

2) патрульдеу бағыттарында (бекеттерде) азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алуды және жолын кесуді;

3) бағыттарда (бекеттерде) қылмыс жасаған, тергеуден және соттан жасырынып жүрген адамдарды, әскери бөлімді өз бетімен тастап кеткен әскери қызметшілерді анықтауды және ұстауды;

4) құзыреті шегінде айдап әкетілген, ұрланған, ЖКО орнынан қашып кеткен автомотокөлік құралдарын іздестіруге қатысуды;

5) ЖКО орнында кейінге қалдырылмайтын іс-әрекеттерді жүзеге асыруды;

6) көлік құралдарына ілесіп жүру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыруды және өткізуді;

7) жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын ішкі істер органдарының (бұдан әрі - ПО) бөліністеріне көмек көрсетуді қамтамасыз етеді.

30. Қызметке түскен қызметкерлер мынадай функцияларды орындауды:

1) азаматтардың өмірін, денсаулығын, құқықтары мен бостандықтарын қылмыстық және өзге де құқыққа қарсы қолсұғушылықтардан қорғауды;

2) құқық бұзушылықтардан, жазатайым оқиғалардан және ЖКО-дан зардап шеккен, сондай-ақ дәрменсіз немесе өмірі мен денсаулығына қауіпті өзге де жағдайдағы азаматтарға көмек көрсетуді;

3) құқыққа қарсы әрекеттердің жолын кесуді және қылмыс жасаған адамдарды "ізін суытпай" ұстауды;

4) қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу мен жолын кесуді, олардың жасалуына ықпал ететін мән-жайларды анықтауды және оларды өз құзіреті шегінде жою жөнінде шаралар қабылдауды;

5) басқа құқық қорғау және мемлекеттік органдармен бірлесіп, ТЖ кезінде азаматтарды құтқару және оларға дәрігерге дейінгі көмек көрсету бойынша шұғыл шаралар қабылдауды;

6) қоғамдық тәртіпті сақтау, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша азаматтармен өзара іс-қимыл жасауды;

7) өз құзыреті шегінде құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдар желісі бойынша жүзеге асырылатын қылмыстардың және өзге де құқық бұзушылықтардың алдын алу және ескерту, адамдарды іздестіру жөніндегі іс-шараларға қатысуды;

8) өз өкілеттіктері шегінде соғыс жағдайында және ТЖ кезінде ПО-ның тапсырмаларын орындауға қатысуды;

9) көші-қон қызметінің қызметкерлеріне шетелдіктерді және азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пунктіне дейін ілесіп жүру арқылы оларды шығарып жіберуге көмек көрсетуді қамтамасыз етеді.

31. ПБЖ ауысуы бағытта алдын ала белгіленген орында (бекетте) жүргізіледі. Қызметке түсетін ПБЖ ауысушыға өзін таныстырады, соңғысы қызмет атқару уақытында орын алған оқиғалар мен алынған өкімдер туралы хабарлайды. Бағытты қабылдап-тапсыру туралы қабылдаушы тапсырушының қызметтік кітапшасына немесе қызмет атқаруды (бекеті) қабылдап-тапсыру журналына жазба жасайды, бұл туралы кезекші бөлімге баяндайды.

Белгіленген уақытта ауысымдық жасақша болмаған жағдайда ПБЖ бұл туралы кезекші бөлімге баяндайды және тек кезекшінің рұқсатымен ғана бағытты (бекетті) қалдыра алады.

32. ПБЖ белгіленген уақыт ішінде бағытта қызмет атқарады. Қызметтік міндеттерді орындау шеңберінде патрульдеу бағытын тек кезекші бөлімнің немесе командирдің нұсқауы бойынша немесе рұқсатымен қалдыруға жол беріледі.

33. Қызмет атқару кезінде ПБЖ-ға:

1) өзі тікелей бағынатын адамдарды қоспағанда, өзінің қаруын кімге болса да беруге және ұсынуға;

2) радиостанция бойынша қызметтік емес сөйлесулер жүргізуге, қызметтен басқаға көңілін бөлуге;

3) тұрғын үйлерге, клубтарға, мейрамханаларға және басқа да үй-жайларға қызметтік қажеттіліксіз кіруге;

4) бағытты (бекетті) тастап кетуге;

5) нысанды киім-кешек кию ережелерін бұзуға жол берілмейді.

34. Қызмет атқару уақытында ПБЖ нұсқауда алынған, кезекші бөлімнен келіп түскен ақпаратты, құқық бұзушылықтар туралы хабарламаларды, қылмыстық құқық бұзушылық туралы хабарламаларды, полиция органдарына жеткізілген адамдар және олармен оқиға орнында жүргізілген талқылаулар, сондай-ақ олармен профилактикалық әңгімелер жүргізу туралы қызметтік кітапшаға жазады.

35. Қызмет атқару барысында ПБЖ мыналарға:

1) айналымында материалдық құндылықтар сақталатын және табылатын объектілердің, терезелердің, есіктердің, ілмектердің, қоршаулардың жай-күйіне, жұмыс режимі мен күзет ұйымының жанында жиі жүретін азаматтарға;

2) күдікті сақтық пен алаңдаушылық танытатын, маусымға сай емес немесе бойы мен денесіне сай келмейтін киім киген, таңғыштары мен жарақаттары бар азаматтарға, сондай-ақ қараусыз қалдырылған көлік құралдарына;

3) көшелерде, автокөлік жолдарында, алаңдарда, аулаларда, скверлерде, саяқбақтарда және азаматтардың жаппай жиналуына;

4) "Жол жүрісі қағидалары, Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелері, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 534 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33003 болып тіркелген) Жол жүрісі қағидаларын (бұдан әрі - ЖЖҚ) бұзуға жол беретін азаматтардың, құқық бұзушылардың жүруі мүмкін орындарға және қауіпті жерлерде ойнап жүрген балаларға;

5) күдікті шулар, иістер, оттың немесе түтіннің пайда болуы және ТЖ-ның басқа да белгілеріне;

6) қылмыстық-атқарушылық жүйе мекемелеріне жақын орналасқан аумақтарда табылған азаматтар мен көлік құралдарына;

7) ұшқышсыз ұшу аппараттарын тиісті рұқсатсыз қоғамдық орындарда және жаппай іс-шаралар өткізілетін орындарда, сондай-ақ режимді нысандарға жақын жерлерде пайдаланылуына;

8) қоғамдық орындарда күдікті заттардың (иесіз сөмкелер, қораптар, пакеттер) болуына;

9) азаматтардың қауіптілігі жоғары орындарда (су қоймалары, таулы жерлерде) болуына;

10) жол қозғалысын реттейтін техникалық құралдардың (бағдаршам, жол белгілері) жарамдылығына, жол қозғалысының қауіпсіздігіне әсер ететін жол үстінде жүргізіліп жатқан жұмыстарға және азаматтардың өмірі мен денсаулықтарына қатер төндіретін басқа да оқыс жағдайларға;

11) қала сыртындағы автомобиль жолдарында азаматтардың, велосипедшілерді, жануарлардың болуына ерекше назар аударуы тиіс.

Жоғарыда көрсетілген фактілер анықталған жағдайда ол туралы кезекші бөлімге баяндайды. Қозғалысқа келтірілген кедергілер мен ақаулар жөнделгенше реттеу (тоқтату) жүргізеді, азаматтардың, жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдайды.

Ескерту. 35-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 18.10.2023 № 748 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36. ПБЖ ЖЖҚ бұзушылықтарын анықтауды:

1) арнайы дыбыс және жарық сигналдарын, дауыс зорайтқыш қондырғыны пайдалана отырып, патрульдік автомобильде (мотоциклде) қозғалыста жүзеге асырады. ЖЖҚ-ны бұзу анықтаған кезде дауыс зорайтқыш құрылғысын қолдана отырып, дауыстық пәрмен береді.

Мысалы, "Көлік құралының жүргізушісі (маркасы, моделі, мемлекеттік тіркеу нөмірі белгісі), оңға қабылдап, тоқтауыңызды сұраймын!" пәрменін мемлекеттік және орыс тілдерінде қайталай отырып береді.

Көлік құралдарын тоқтату ең аз қысқа мерзімге қозғалысқа кедергі келтірмейтін орындарда жүзеге асырылады. Жол жүру бағыттарында қалалық қоғамдық көлікті тоқтатуға, жол қозғалысы ережелерінің талаптары бұзылған жағдайда жүргізушілерге бұзушылықтың мәнін түсіндіру және бағыттағы соңғы аялдаманың орналасуын нақтылау, кейіннен әкімшілік материал толтыру үшін рұқсат етіледі.

Жол жүрісін қадағалау процесінде пайдаланылатын көлік құралдары туралы ақпаратты стационарлық камералардан планшеттерге беретін бағдарламалық камтамасыз етілуі бар планшеттерді пайдалануға жол беріледі.

2) жаяу тәртіпте және патрульдік автокөлік (мотоцикл) тоқтап тұрған жерде. Мұндай жағдайда көлік құралын тоқтату бірмезетте ысқыру белгісімен бірге көлік құралына бағытталған қолмен көрсетумен немесе таяқшамен жүзеге асырылады, бұл жүргізушіге түсінікті болуы керек және олардың орындалуы авариялық жағдай туғызбауы үшін уақтылы көрсетілуі тиіс.

Ескерту. 36-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 10.11.2025 № 859 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. "Қазақстан Республикасының аумағында ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру және оның жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестиция және даму министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 206 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11395 болып тіркелген) және "Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларын және Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік құралдарымен тасымалдауға жол берілетін қауіпті жүктердің тізбесін бекіту туралы" 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 460 бұйрықтарымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11779 болып тіркелген) бекітілген ірі габаритті, ауыр салмақты және қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларының жол жүрісі қауіпсіздігіне және қоршаған ортаға қауіп төндіретін бұзушылықтары анықталған жағдайда ПБЖ көрсетілген көлік құралдарының одан әрі жүруіне жол бермейді, мұндай көлік құралдарын жолдың жүріс бөлігінен басқа жаққа бұру шараларын қабылдайды, кезекші бөлімге баяндайды және кезекшінің нұсқауларын орындайды.

38. ПБЖ қол қимылдарын немесе таяқшаны жол қозғалысын қолмен реттеу немесе көлік құралдарын тоқтату үшін қолданады. Жол қозғалысына қатысушылардың

назарын аудару, әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу үшін ысқыру белгісімен қосымша қысқа сигналдар беріледі.

39. ПБЖ жол қозғалысы қатысушысына мынадай жағдайларда көлік құралынан шығуды талап етеді:

- 1) жүргізушіде мас болу белгілері және (немесе) шаршаулы жағдайы болған кезде;
- 2) жеке басын тексеріп қарау, көлік құралы мен жүкті тексеріп қарау жүргізу үшін;
- 3) жүргізушінің (көлік құралы иесінің) қатысуымен көлік құралының агрегаттары мен тораптарының нөмірлерін тіркеу құжаттарындағы жазбалармен салыстырып тексеру жүргізу үшін;

- 4) оның процессуалды әрекеттерді жүзеге асыруға, сондай-ақ жол қозғалысының басқа да қатысушыларына немесе қызметкерлерге көмек көрсетуге қатысуға талап еткенде;

- 5) көлік құралының техникалық ақаулығын немесе Қазақстан Республикасы Инвестиция және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 546 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12463 болып тіркелген) бекітілген жүктерді тасымалдау қағидаларының бұзылуын жою қажеттілігінде;

- 6) оның мінез-құлқы қызметкердің жеке қауіпсіздігіне қауіп төндіргенде.

40. ПБЖ жүргізушіге көлік құралын қызметкер көрсеткен басқа жерге ауыстыруды көрсетеді, егер:

- 1) көлік құралының тоқтаған жерінде болуы басқа да жол қозғалысының қатысушыларының қауіп не кедергі келтірсе (ЖКО деректерін қоспағанда және қылмыс болған жерде іс жүргізу әрекеттері аяқталғанға дейін);

- 2) көлік құралындағы жүргізушімен қарым-қатынас орнатқан кезде қызметкердің жүру бөлігінде болуы қызметкердің жеке қауіпсіздігіне қатер төндірсе.

41. Көлік құралын мәжбүрлеп тоқтату:

- 1) "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі-Заң) көзделген жағдайлар туындаған кезде және тәртіппен көлікті мәжбүрлеп тоқтатудың арнайы құралдарын қолдана отырып;

- 2) реттеушінің сигналдарын, реттеудің техникалық құралдарын пайдалана отырып, жолдардың жекеленген учаскелерінде қозғалысты уақытша шектеу немесе тыйым салу арқылы;

- 3) атыс қаруын қолдану арқылы - жағдайлар басталған кезде және Заңда көзделген тәртіппен;

- 4) жүру бөлігінде арнайы жарық сигналдары қосылған патрульдік автомобильді (патрульдік автомобильдерді) орналастыру арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Аталған әдістерді жүргізуші азаматтардың өмірі мен денсаулығына нақты қауіп төндіргенде, қызметкердің тоқтату туралы заңды талаптарына бағынбағанда және өзге

де жол қозғалысына қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жағдайларында ғана қолданылуы мүмкін.

42. Бұралмалы таулы жолдар учаскелерінде немесе көрінуі шектеулі жол учаскелерінде, сондай-ақ теміржол өтпелерінде, көпірлерде, жол өтпелерінде, эстакадаларда, туннельдерде мәжбүрлеп тоқтатуға жол берілмейді.

43. Өзара әрекеттесу немесе басқа ПБЖ-дан, Ұлттық ұланның әскери қызметшілерінен, қызметкерлерінен көмек алу үшін ПБЖ байланыстың барлық түрлерін пайдаланады немесе ысқырықпен сигнал береді: "Ұста" – бір ұзақ сигнал; "Көмекке, маған" – екі қысқа сигнал. Осы мақсатта ПБЖ атыс қаруын жоғары қарай ату арқылы қолданады. Басқа ПБЖ, Ұлттық ұланның әскери қызметшілері мен қызметкерлері "Ұста", "Көмекке" деген сигналды ести сала, құқық бұзушыны ұстау және анықтау шараларын қабылдайды.

44. ПБЖ-ны тексеру кезінде тексеруші тексеруге жазбаша өкім мен қызметтік куәлігін көрсетеді.

ПБЖ тексерушіге келіп өзін таныстырады, тексерушінің талабы бойынша бағыт (бекет) аумағындағы жағдайды баяндайды, қойылған сұрақтарға жауап береді. Қызметті тексеру нәтижелері туралы тексеруші ПБЖ-ның қызметтік кітапшаларына жазба жасайды. Бұл деректер нұсқамалар жүргізу және ПБЖ-ның жұмысын бағалау үшін пайдаланылады.

45. Қызмет атқару кезінде ПБЖ қырағылық танытады және кенеттен шабуыл жасау мүмкіндігін болдырмайтын сақтық шараларын қабылдайды.

46. Атыс қаруы, арнайы құралдар және дене күші қоғамға қауіпті әрекеттерді тоқтату, құқық бұзушылықтардың сипатын, нақты ахуалды ескере отырып, оларды жасаған адамдарды ұстау және құқық қорғау органдарына жеткізу мақсатында Заң негізінде және қатаң сәйкестікте қолданылады.

47. Арнайы экономикалық аймақ алаңында қауіпсіздікті және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету тәртібі "Шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының учаскелерімен толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін арнайы экономикалық аймақтың аумағында қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мәселелері бойынша ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдарының өзара іс-қимыл жасау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 9 шілдедегі № 616 және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2019 жылғы 10 шілдедегі №47/ке бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19019 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

2-Параграф. Жердегі көлік құралдарын қолданумен қоғамдық тәртіпті сақтау және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша патрульдік-бекеттік қызметті атқару

48. Елді мекендерде ПБЖ автомобильдерде (мотоциклдерде) қызмет атқару барысында жол жағдайына байланысты көліктен жағдайды бақылауға мүмкіндік беретін жылдамдықпен (ұсынылатын жылдамдық сағатына 40-50 километрден аспайды) қозғалады, ал қала сыртындағы автомобиль жолдарында ЖЖҚ талаптарына сәйкес жылдамдықпен қозғалады.

Тәуліктің қараңғы уақытында құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында патрульдеу тұрақты жарық сигналын қолдана отырып, жүзеге асырылады.

49. Нұсқамадан кейін ПБЖ жетекшісі патрульдік көлікте ПБН орналастыру тәртібі мен міндеттерін айқындайды, әрқайсысына бақылау секторын тағайындайды, қызмет атқару орнына бару бағытын, бір пункттен екінші пунктке ауысу кезектілігін хабарлайды, радиостанция бойынша кезекші бөлімге бағытқа шығуы туралы баяндайды. Бұл ретте, жасақша жетекшісі құқық бұзушыларды полиция органдарына жеткізу жағдайларын қоспағанда, автомобильді басқарады немесе автомобильдің алдыңғы жолаушылар отыратын орнына отырады. Адамды жеткізу жағдайында онымен бірге автомобильдің артқы отыратын орнына отырады.

50. Көлік құралдарындағы ПБЖ 15-30 минут ішінде аялдама жасайды (белгіленген тұру орындарында). Аялдамалар кезінде қоғамдық тәртіп пен ЖЖҚ-ні бұзудың алдын алу, қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтардың жолын кесу, күдікті адамдар мен көлік құралдарын тексеру мақсатында жаяу патрульдеу жүзеге асырылады. Бұл ретте жаяу патрульдер патрульдік көліктен 300 метрге дейін алыстайды.

Автомобильде (мотоциклде) көлікті күзетуді, патрульдік экипажбен көзбен шолу байланысын қамтамасыз ететін, кезекші бөліммен радиобайланыс ұстайтын жүргізуші қалады. ПБЖ-ны жинау үшін шартты сигнал орнатылады.

51. Адамдарды полиция органдарына жеткізу үшін автомобильде тасымалдау кезінде ПБЖ жарақат алу, материалдық бөлікті бұзу, қызметкерлерге шабуыл жасау, жүргізушіге көлікті басқаруға кедергі жасау мүмкіндігін болдырмайтын сақтық шараларын қолданады. Ол үшін автомобиль құлыптарының, есіктерінің және люктерінің жай-күйін тексереді, ПБЖ қызметкерлерінің бірі автомобильдің артқы отыратын орында отырады.

Жеткізілген адам автомобильден шығарылғаннан кейін ПБЖ қалдырылған заттар мен құжаттарды табу мақсатында салонды (шанақты) қарап шығуы тиіс.

52. Патрульдік автомобильде ПБЖ қудалау кезінде қозғалысқа қатысушылардың қауіпсіздігі мен жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін:

- 1) арнайы дыбыстық және жарық сигналдарын қосады;
- 2) нақты жағдайларға қарай қозғалыс жылдамдығын таңдайды;
- 3) қудаланғандардың және жол қозғалысына басқа да қатысушылардың әрекеттерін мұқият бақылайды;
- 4) кезекші бөлімге өзінің тұрған жері және қозғалыс бағыты туралы баяндайды;

5) жол қозғалысының басқа да қатысушыларын сақтық шараларын сақтау туралы ақпараттандырады.

53. ПБЖ-ға:

1) көлік құралдарын себепсіз тоқтатуға;

2) егер бұл қызметтік қажеттіліктен туындамаса, бөгде азаматтарды тасымалдауға, автомобильді және ұсталған адамдарды қараусыз қалдыруға;

3) құқық бұзушылық жасалған жерге шұғыл бару, сондай - ақ өздерінің іс-әрекеттерімен жол қозғалысына басқа қатысушылардың өміріне қауіп төндіретін құқық бұзушыларды қудалау жағдайларынан және ӘҚБК-нің 37-бабында көзделген басқа да жағдайлардан басқа жағдайда, белгіленген қозғалыс жылдамдығынан асып кетуге (патрульдік автомобиль үшін);

4) егер бұл қызметтік қажеттіліктен туындамаса, патрульдеу бағытынан өз еркімен ауытқуға және қызмет атқару тәртібін өзгертуге, автомобильді (мотоциклді) шолуды шектейтін қандай да бір кедергілердің артына, сондай-ақ көліктің аялдауына және тоқтап тұруына тыйым салынған орындарда орналастыруға;

5) қызметтік автомобиль (мотоцикл) жүргізуді кімге болса да беруге рұқсат етілмейді.

3-Параграф. Су көлік құралдарын пайдалана отырып, қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз ету бойынша патрульдік-бекеттік қызметті атқару

54. Кемеде (моторлы қайықта) қызмет атқару кезінде ПБЖ мынадай міндеттерді орындайды:

1) азаматтық қорғау органының өкілдерімен бірлесіп, су бассейнінде демалушы азаматтар арасында олардың Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 19 қаңтардағы № 34 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10335 болып тіркелген) су айдындарындағы қауіпсіздік қағидаларын сақтау қажеттігі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізуді;

2) құзыреті шеңберінде көлік бақылау органдарына шағын көлемді кемелер бойынша, сондай-ақ балық қорларын, флора мен фауна саласында балық қорғау органдарына бұзушылықтардың алдын алуда және жолын кесуде жәрдем көрсетуді.

3) суда апатқа ұшыраған азаматтарға көмек көрсету жөнінде шаралар қабылдауды.

4-Параграф. Әуе көлік құралдарын пайдалана отырып, қоғамдық тәртіпті сақтау және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша патрульдік-бекеттік қызметті атқару

55. Тікұшақты, ұшқышсыз ұшу аппараттарын қолдана отырып, әуеде патрульдеу кезеңінде ПБЖ:

1) қылмыскерлерді табу, іздестіру, ұстау жөніндегі кезек күттірмейтін шараларды іске асыруды;

2) құзыреті шегінде қылмыс немесе ЖКО орындарынан жасырынған адамдарды, көлік құралдарын іздеуге қатысуды;

3) қала сыртындағы автомобиль жолдарындағы жол қозғалысының қауіпсіздігін қадағалауды;

4) автомобиль жолдарында жөндеу-құрылыс және басқа да жұмыстарды жүргізу кезінде қауіпсіздікті сақтай отырып, автомобиль жолдары учаскелерінің, жол құрылыстарының, теміржол өтпелері мен электр беру желілерінің жай-күйін бақылау, полиция құзыреті шегінде жол қозғалысы қауіпсіздігіне қатер төндіретін себептерді жоюға шұғыл шаралар қабылдауды;

5) ТЖ салдарын жоюға қатысуды және осы аймақта қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз етуді;

6) әскери жағдайда және ТЖ кезінде, оның ішінде олардың ауқымын нақтылауда ПО-ның тапсырмаларын орындау кезінде күштер мен құралдардың өзара іс-қимылын үйлестіруді;

7) көпшілік демалатын аймақтарда, орман-саябақ аймақтарында, орман алқаптарында, полицияның басқа да жасақшаларына жету қиын жерлерде, сондай-ақ бұқаралық іс-шаралар өткізілетін жерлерде қоғамдық тәртіпті сақтауды;

8) қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз етуде полиция органдарына жүктелген өзге де міндеттерді орындауды қамтамасыз етеді.

5-Параграф. Қызметтік иттерді қолдана отырып, қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз ету бойынша патрульдік-бекеттік қызметті атқару

56. ПБЖ (полицей-кинолог) қызметтік патрульдік итпен (бұдан әрі - ит) жаяу тәртіппен жүрген кезде ит полицей-кинологтің сол жағында айналасындағылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қысқа тізгінде және тұмылдырықта болуы тиіс.

57. Құжаттарды тексеру, сұрау салу және құқық бұзушыны тексеріп қарау кезінде ит "Күзет" жағдайында тексерілетін адамның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қашықтықта тұмылдырықсыз қысқа тізгінде ұсталады.

58. Ұсталған адамды жаяу тәртіппен жеткізген кезде ит "Жанында", "Күзет" пәрмені бойынша қысқа тізгінде тұмылдырықсыз сол жақта жүреді. Автомобильде және басқа да көлік құралдарымен жеткізу кезінде итпен полицей-кинолог оны қолдануға ыңғайлы жерде болады.

59. Құқық бұзушылық орын алуы ықтимал жерлерде кинолог-полицей аялдама жасап, оларды қарап шығады.

Құқық бұзушыларды анықтау және ұстау мақсатында жертөлелерді, тұрғын емес үй-жайларды, бос жерлерді және басқа да объектілерді тексеру кезінде полицей-кинолог итті жергілікті жерді, үй-жайды тінтуге немесе ұстауға жібере алады. Бұл жағдайда ит қарғыбау мен тұмылдырықсыз жіберіледі. Полицей-кинолог итті көзден таса қалдырмайтындай қашықтықта болады. Итті ұстауға жібермес бұрын

полицей-кинолог басқа адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және алдын-ала ескерту жасауға міндетті, мысалы: "Тоқта. Мен ит жіберемін". Егер қызметкер мен қылмыскердің арасында азаматтар болса, итті қылмыскерді ұстауға жіберуге рұқсат етілмейді.

60. Итті қолдану Заңның негізінде және қатаң сәйкестікте орындалады. Итті қолданған полицей-кинолог ұсталған адамға зақым келген жағдайда оған дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсетеді және дереу жедел медициналық көмек шақырады. Бұл уақытта ит "Күзет" пәрмені бойынша ұсталған адамнан қауіпсіз қашықтықта болады. Құқық бұзушыны ұстау үшін итті қолданудың барлық жағдайларында ПБЖ жетекшісі (кинолог-полицей) кезекші бөлімге (командирге) баяндайды.

6-Параграф. Қызметтік аттарды қолдана отырып, қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз ету бойынша патрульдік-бекеттік қызметті атқару

61. Бағытта атпен патрульдеу жұптық жасақшаның күшімен жүзеге асырылады. Атты бөліністердің құрамына ат үстінде жүру дағдысы бар және арнайы дайындықтан өткен қызметкерлер тағайындалады.

62. Қызмет атқару кезінде атты патруль "адыммен" қозғалады. Атты патрульдер бір-бірінен іс-қимылдардың келісімділігін қамтамасыз ететін қашықтықта жүреді. Атты жасақшалар "желе жортып" қысқа қашықтыққа жүреді. Атты жасақшалардың қоғамдық тәртіпті бұзу орнына шұғыл шығуы "жүрдек ат желісімен" жүргізіледі.

Тәуліктің қараңғы уақытында ПБЖ жүру кезінде ат әбзелдерінде "жарық шағылыстыратын элементтер" пайдаланылады.

63. Қызмет атқару кезінде полицей-кавалерист:

1) Жұмыс алдында ат әбзелдерін тексеруді және жылқыны қарап тексеруді жүргізуге;

2) ауа райы жағдайлары мен тәулік уақытына сәйкес әртүрлі жерлерде атта жүру ерекшеліктерін сақтауға;

3) атпен жүру кезінде айналадағы азаматтарға зиян келтірмейтіндей қауіпсіздік шараларын сақтауға;

4) ат әбзелдерін сақтауға және оны үнемі таза ұстауға міндетті.

64. Құқық бұзушыларды ұстау кезінде атты патрульдер жарақат алуды болдырмайтындай шаралар қолданады.

65. ПБЖ:

1) құқық бұзушыларды атпен ат әбзелдерін пайдалана отырып, ұстап тұруға;

2) аттың үстінде атыс қаруы мен арнаулы құралдарды қолдануға, егер бұл айналадағыларға зиян келтіруі мүмкін болса;

3) тағайындалған бағыттан өз еркімен ауытқуға, қызмет атқару тәртібін өзгертуге, егер бұл қызметтік қажеттіліктен туындамаса;

4) бекітіліп берілген атты қызметтік емес мақсаттарда пайдалану үшін басқа адамдарға беруге;

5) ұсталған адамдарды атқа тікелей жақын жерде қараусыз қалдыруға рұқсат етілмейді.

7-Параграф. Модульдік полиция бекеттерінде қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз ету бойынша патрульдік-бекеттік қызметті атқару

66. Модульдік бекеттерде қызмет атқаруды қоғамдық тәртіпті сақтау мен жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуде жалпы жүктелген міндеттерден басқа мынадай міндеттерді орындайтын екі қызметкерден тұратын ПБЖ-мен жүзеге асырылады:

1) мезгіл-мезгіл, сағатына кемінде екі рет, әсіресе азаматтардың жаппай болу сағаттарында кезекшілік бөлімге патрульдеу бағытындағы (бекет орталығынан қашықтығы 300 метрден аспауы тиіс) жағдай туралы баяндап, бекітілген аумақты жаяу патрульдеуді жүзеге асырады. Тәуліктің қараңғы және түнгі уақытында жаяу патрульдеу жұптық ПБЖ-мен жүзеге асырылады;

2) полицияның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша азаматтар жаппай баратын объектінің бекетіне іргелес жатқан әкімшілікпен және жеке күзет қызметімен басқа ПБЖ-мен, өзара іс-қимылды ұйымдастырады;

3) қоғамдық және мүліктік қауіпсіздікті тұрақтандыру мақсатында азаматтармен профилактикалық әңгімелесулер жүргізеді, құқыққа қарсы әрекеттер жасаудан сақтандырады, оларға қоғамға қарсы мінез-құлыққа жол бермеуді түсіндіреді;

4) азаматтардан (туристерден) қылмыстар мен оқиғалар туралы хабарламаларды және өзге де ақпаратты қабылдайды, ол туралы дереу кезекші бөлімге баяндайды, ден қою шараларын қабылдайды және көмек көрсетеді.

8-Параграф. "Шеп" стационарлық полиция бекеттерінде қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз ету бойынша патрульдік-бекеттік қызметті атқару

67. "Шеп" стационарлық полиция бекетінде қызмет атқаруды жұптық ПБЖ (екі қызметкер) жүзеге асырады, олар мынадай міндеттерді орындайды:

1) көлік құралдарының өтуіне көзбен шолып бақылау жүргізеді;

2) қылмыстар мен оқиғалар туралы жол қозғалысына қатысушылардан хабарламалар және өзге де ақпараттарды қабылдайды, ол туралы дереу кезекші бөлімге баяндайды, көмек көрсетеді;

3) жол-климаттық қолайсыз жағдайларда және жол жүрісі қауіпсіздігіне қатер төндіретін басқа да жағдайларда көлік құралдарының жүрісін шектеуді немесе автомобиль жолын толық жабуды қамтамасыз етеді;

4) жедел-профилактикалық, жедел-іздістіру іс-шараларын, төтенше жағдайды және ПО-ның басқа да іс-шараларын енгізген кезде әрекет етеді;

5) қажет болған жағдайда өтіп бара жатқан жүргізушілерден автомобиль жолының жай-күйі, жасалған ЖКО туралы және полиция қызметіне қатысты өзге де ақпаратты сұрастыруды жүзеге асырады;

6) көлік құралдарының қозғалысын барынша аз кідірте отырып, әкімшілік және қылмыстық өндірісті қамтамасыз ету тәртібімен көлік құралын қарап тексеруді жүргізеді.

68. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген процессуалдық әрекеттерді жүргізу жағдайларын қоспағанда, қызметкерлерді қозғалысқа қатысушылардың көлік құралдарына отырғызуға жол берілмейді.

4-Тарау. Патрульдік-бекеттік қызметті атқару ерекшеліктері 1-Параграф. Курорттық, саяжай аудандарында және жаппай демалыс аймақтарында қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз ету бойынша патрульдік-бекеттік қызметті атқару

69. Шомылу маусымы кезеңінде ПБЖ азаматтық қорғау органдары бөліністерінің өкілдерімен бірлесіп, құқық бұзушылықтың алдын алу және анықтау бойынша су айдындарында рейдтік іс-шаралар өткізеді.

70. ПБЖ құзыреті шегінде қоғамдық тәртіпті және мүліктік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша саяжай ұжымдарының өкілдерімен өзара іс-қимыл жасайды.

71. Патрульдеу кезінде ПБЖ қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылық жасау ықтималдығы бар орындарға, азаматтардың жаппай шоғырлану орындарына, санаторий-курорттық мекемелерге, жағажайларға, саябақтарға, қоғамдық көлік аялдамаларына, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарына, ойын-сауық мекемелеріне назар аударады.

72. ПБЖ курорттық, саяжай аудандары мен жаппай демалыс аймақтарында қоғамдық тәртіпті және жол қауіпсіздігін сақтауды қамтамасыз етуде полиция органдарына жүктелген өзге де міндеттерді орындайды.

2-Параграф. Туристік объектілерде қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз ету бойынша патрульдік-бекеттік қызметті атқару

73. Туристік нысандардағы ПБЖ-ның міндеттері:

1) туристік объектілердің аумағын патрульдеу және полиция құзыреті шегінде әртүрлі жағдайлар кезінде туристерге көмек көрсету;

2) әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау және жолын кесу, қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуда, жолын кесуде және қылмыскерлерді "ізін суытпай" ұстауда қажетті шаралар қолдану;

3) Қазақстан Республикасының көші-қон заңнамасын бұзу анықталған жағдайда шетелдік азаматтарды көші-қон полициясының қызметкерлеріне беру не туристік объект орналасқан жердегі полиция органдарына жеткізу;

4) полицияның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша туристік объектілердің әкімшілігімен өзара іс-қимыл жасауды қамтиды.

74. Туристік объектідегі ПБЖ патрульдік аймақтардың аумақтарындағы туристік бағыттар, маңызды объектілер және көрікті жерлер туралы ақпаратты білуі керек.

75. ПБЖ туристік объектілер аумағында қоғамдық тәртіпті және жол қауіпсіздігін қорғауды қамтамасыз етуде полиция органдарына жүктелген өзге де міндеттерді орындайды.

3-Параграф. Ұйымдасқан лектерге ілесіп жүру кезінде қоғамдық тәртіпті сақтау және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша патрульдік-бекеттік қызметін атқару

76. Ұйымдасқан лектерге (бұдан әрі - лек) ілесіп жүруге өтінім келіп түскен кезде ілесіп жүру экипажының (бұдан әрі – ілесіп жүру экипажы) құрамына тартылған ПБЖ:

1) лектердің жүру бағытын, қозғалысты ұйымдастыру ерекшеліктерін, патрульдеу бекеттері мен бағыттарында қызмет атқаратын ПБЖ-ның орналасу орнын, олармен байланыс және өзара іс-қимыл жүйесін зерделеуге;

2) ілесіп жүретін лектердің жүргізушілеріне нұсқама жүргізуге;

3) кезекші бөлімдегі ілесіп жүруді есепке алу журналына ілесіп жүруді тіркеуі керек

77. Балалардың ұйымдасқан топтарын тасымалдауды жүзеге асыратын лектерге ілесіп жүруді бастар алдында ілесіп жүру экипажы құжаттардың, оның ішінде көлік құралының жарамдылығын растайтын құжаттардың бар-жоғына, оны көзбен шолып қарап-тексеруді, кейіннен ілесіп жүретін адамдар, тасымалданатын балалардың саны, көлік құралдарының саны туралы ақпаратты кезекші бөлімге бере отырып тексеру жүргізеді. Жолаушылар санының отыратын орындардың санынан артық болуына жол берілмейді.

78. Ілесіп жүру экипажы балалардың ұйымдасқан тобын тасымалдауға тартылған көліктің техникалық жай-күйін тексеруді жүзеге асырған кезде көлік құралдарында кемінде екі есіктің болуына, авариялық шығудың, сары түсті жарқылдауық маяктардың, "Балаларды тасымалдау" деген тану белгілерінің болуына, көлікті техникалық қарап-тексеруге, жүргізушіні медициналық қарап-тексеруге, жауапты және ілесіп жүретін адамдардың болуына назар аударады.

79. Бір патрульдік автомобильмен ілесіп жүру кезінде олардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қашықтықта, берілген бағытта жүруге арналған шеткі сол жақ жолақ бойынша ілесіп жүретін лектердің алдында жүреді.

80. Екі патрульдік автомобильмен ілесіп жүру кезінде олардың біреуі "жетекші" ретінде қозғалады, ал екіншісі "тұйықтаушы" берілген бағытта қозғалыс үшін бір жолағы бар автомобиль жолдарында және басқа да қауіпті жерлерде оны басқа көлік құралдарының басып озуының алдын алу үшін ілесіп жүретін лектерден кейін жүреді.

81. Үш патрульдік автомобиль ілесіп жүру кезінде қауіпсіз және кедергісіз жүріп өтуді қамтамасыз ету, ілесіп жүретін лектердің жақындағаны туралы бағыттарда қызмет атқаратын ПБЖ хабардар ету және қозғалыс жағдайлары туралы "жетекші" патрульдік автомобильдің ілесіп жүру экипажын ақпараттандыру мақсатында қозғалыс бағыты бойынша сол жақ шеткі жолақта 200-400 метр қашықтықта "жетекші" автомобильдің алдында "сигналдық" қосылады.

82. Ілесіп жүру жылдамдығын ілесіп жүру экипажының жетекшісі жол жағдайларына, көлік құралдары мен жаяу жүргіншілердің қозғалыс қарқындылығына, ілесіп жүретін ұйымдасқан лектердің сипаттамаларына байланысты белгілейді, бұл ретте ЖЖҚ-де белгіленген шегінен аспайды.

83. Егер ілесіп жүретін лектің қозғалыс жылдамдығы ЖЖҚ-де рұқсат етілгеннен аз болса, ал жол жағдайлары жол бойындағы көлік құралдарына оны басып озуға мүмкіндік бермесе, ілесіп жүретін экипаждың жетекшісі артында жинақталған көлік құралдарын өткізу үшін шаралар қабылдайды.

84. Ілесіп жүру экипажының сұрауы бойынша ПБЖ бекет немесе патрульдеу бағытының аумағы бойынша, лектердің немесе арнайы дыбыс, дауыс зорайтқыш қондырғы және жарық сигналдары қосылған патрульдік автомобильмен ілесіп жүретін жекелеген автомобильдердің қауіпсіз, кедергісіз өтуіне шаралар қабылдайды.

5-тарау. Қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз ету бойынша қызметті атқару кезінде патрульдік-бекеттік жасақшаларының іс-әрекеттері

1-Параграф. Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасалған кезде және оқиға болған жерде патрульдік-бекеттік жасақшаларының іс-әрекеттері

85. Құқық бұзушылық жасалған жерге шығу кезінде (ЖБО жіберуі, азаматтардың өтініші) шақырудың (хабарлаудың) сипатына қарай ПБЖ жеке қауіпсіздігін, шабуылға және басқа да штаттан тыс жағдайларға дайындығын қамтамасыз ету шараларын қабылдайды.

Ол үшін ЖБО, ПО кезекші бөлімінің қызметкерлері жасақты оқиға орнына жіберу, азаматтардың өтініштеріне қызмет көрсету кезінде оқиғаның мән-жайы мен сипатын және құқық бұзушылық жасады деп күдіктелген адамды (соттылығы, психикалық жай-күйі, қарудың, иттердің болуы), сондай-ақ дағдарыс жағдайында ден қоюдың дайындығы дәрежесін анықтап, ол туралы ақпаратты осы оқиғаға бағыттылған ПБЖ береді.

Алынған ақпаратқа байланысты ПБЖ құрамы қызметке түскенге дейін алынған жеке қорғаныс құралдарын (броньды кеудешелер, каскалар) алдын ала киеді.

86. Оқиға орнындағы ПБЖ-ның іс-әрекеттері батыл болуы және мынадай міндеттерді орындауы тиіс:

1) болған оқиға туралы кезекші бөлімге баяндайды және кезекшінің нұсқауын орындайды;

2) қылмыстық құқық бұзушыларды қудалайды және ұстауды ұйымдастырады;

3) жәбірленушілерге көмек көрсетеді, жедел медициналық жәрдемді шақырады;

4) куәлар мен жәбірленушілерді (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде), тұрғылықты жері мен жұмыс орны, телефон нөмірі) анықтайды, жасырынған қылмыскерлердің, ұрланған заттардың, қылмыстың басқа да мән-жайларын анықтайды;

5) қылмыс іздерін және басқа да заттай айғақтарды сақтау мақсатында оқиға орнын күзетуді қамтамасыз етеді;

6) қылмысты ашу және қылмыскерлерді ұстау үшін қажетті басқа да шұғыл іс-қимылдарды жүргізеді;

7) жедел-тергеу тобы (бұдан ары-ЖТТ) келгеннен кейін топ жетекшісінің қарамағына түседі.

Іс-әрекеттердің реттілігі жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың сипатына, ПБЖ құрамына және басқа да мән-жайларға байланысты.

87. Оқиға орнында:

1) азаматтармен қарым-қатынастың шиеленісуіне, сондай-ақ тергеу процесіне әсер ету мүмкін іс-әрекеттерге;

2) оқиға орнында фото-бейнетүсірілімді жүзеге асыруға (қызметке берілген және автоматты режимде жұмыс істейтін ПБЖ ведомстволық бейнетіркегіштің, ЖТТ қызметкерлерінің бейнетіркеу жағдайларын қоспағанда);

3) оқиғаға түсінік беруге;

4) заттай айғақтарды жылжытуға (ауа райы және басқа да мән-жайлар бойынша бүліну немесе жойылу қаупі төнген жағдайларда, олардың бастапқы жағдайын алдын ала белгілей отырып жылжытуды қоспағанда);

5) темекі шегуге, оқиғаға қатысы жоқ қандай да бір заттарды қалдыруға жол берілмейді.

88. ПБЖ оқиғаның сақталуын және қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысы бар заттардың өзгермеген қалпында болуын қамтамасыз етуге:

1) саусақ, аяқ киім, көлік құралдарының іздеріне;

2) қан дақтары, шаш, киім заттары, мата бөлшектеріне;

3) шыны сынықтары, ағаш кесектері, топырақ жер бөлшектері, темекі тұқылдары, сіріңкелерге назар аударады.

89. ПБЖ оқиға орнын қоршауды жүзеге асырады, ол үшін полицияға көмек көрсететін қоғамдық көмекшілер мен азаматтар тартылуы мүмкін. Қоршаудың әртүрлі түрлері қолданылады: арқан, тақталар, сым және басқа қолда бар құралдар. Бұл жағдайда ПБЖ оқиға орнында қалдырған өз іздері мен жағдайдың өзгеруін теңдестіреді

90. Дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсете немесе жәбірленушіні медициналық мекемеге жібере отырып, ПБЖ қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысы бар заттарды, іздер мен белгілерді анықтау мақсатында оның киімін және денесінің ашық жерлерін қарайды, мүмкіндігінше оның жеке басын анықтайды. Жараланған адам табылған орны мен қалпы, қолдың, аяқтың, бастың жағдайы бор, көмір және басқа құралдардың көмегімен белгіленеді. Егер жәбірленушінің тірі екендігінің белгілері айқындалмаса, онда оның жағдайы, мүмкін болса, қалпы мен айналасындағы жағдайды өзгертпестен тексеріледі.

ЖТТ келгенге дейін мәйіттер оқиға орнынан алынбайды және қозғалмайды.

91. Жаңбырдың, желдің, қардың және басқа да жағдайлардың әсерінен іздер мен заттай айғақтардың жойылу қаупі төнген жағдайда ПБЖ оларды сақтау үшін шаралар қолданады. Тік жақтағы үстінде іздерді сақтау үшін қолда бар су өткізбейтін материалдардан жасалған шатыр орнатылады. Көрсетілген заттар мен материалдарда қызметтік-ізвестіру итін қолдануды қиындатпау үшін өткір иіс болмауы керек.

92. Үй-жайларда қылмыстық құқық бұзушылық жасалған кезде ПБЖ тек оның жолын кесу, қылмыстық құқық бұзушыны ұстау, жәбірленушілерге көмек көрсету үшін кіреді.

93. ЖПБ қылмыстық құқық бұзушыларды "ізін суытпай" қудалау олар ұсталғанға және залалсыздандырылғанға дейін жүргізіледі. ПБЖ қудалау кезінде сақтық шараларын сақтайды. Қылмыстық құқық бұзушыларды қудалау кезеңінде оқиға орнын күзетуді өзге ПБЖ немесе полицияға жәрдем көрсететін азаматтардың көмегімен қамтамасыз етеді.

94. Қылмыстық құқық бұзушыларды қудалауды және іздестіруді ұйымдастыру мүмкін болмаған кезде ПБЖ ЖТТ келгенге дейін немесе кезекші бөлімнің өкімін алғанға дейін қылмыстық құқық бұзушылық жасалған жерде болады.

95. ЖТТ келген кезде ПБЖ қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысты барлық алынған мәліметтер және қабылданған шаралар туралы баяндайды, содан кейін оның нұсқауы немесе кезекші бөлімнің өкімі бойынша әрекет етеді.

96. Күдікті адамдар мен көлік құралдарын тексеру кезінде, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылық жасаған күдікті адамдарды анықтау және ұстау бойынша ПБЖ-ның тактикалық іс-әрекеттері "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қызметкерлерінің кәсіби қызметтік және дене шынықтыру даярлығын ұйымдастыру жөніндегі тәлімгерліктерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 4 қыркүйектегі № 127 бұйрығымен регламенттеледі.

2-Параграф. Әкімшілік құқық бұзушылықтар анықталған кезде патрульдік-бекеттік жасақшалардың іс-әрекеттері

97. Әкімшілік құқық бұзушылық белгілері анықталған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасын және өзге де нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа ала отырып, ПБЖ:

- 1) құқыққа қарсы іс-әрекеттерді дереу тоқтатуды талап етеді;
- 2) құқық бұзушының жеке басын сәйкестендіреді;
- 3) істі дұрыс шешу үшін маңызы бар мән-жайларды, әкімшілік іс жүргізудің қозғалуын болғызбайтын мән-жайлардың бар-жоғын, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың себептері мен жағдайларын анықтайды;
- 4) құжаттау сапасы мен материалды жинаудың толықтығын қамтамасыз етеді

98. Көлік құралын басқару құқығына құқық белгілейтін құжаттарды (тиісті санаттағы жүргізуші куәлігінің болуы) және көлік құралының тиесілігін тексеру (көлік құралын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, сақтандыру полисі, техникалық байқау) құқық бұзушының жеке басын куәландыратын құжаттың негізінде интеграцияланған деректер банкі арқылы электрондық планшет арқылы жүзеге асырылады. Интернет байланысымен қамту аймағы болмаған жағдайда тексеру кезекші бөлімі арқылы жүзеге асырылады.

99. ПБЖ әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы электрондық форматта немесе қағаз тасымалдағышта жасайды.

100. Әкімшілік жауаптылыққа тарту үшін материалды рәсімдеу процесінде ПБЖ ӘҚБТК-ның 744-бабына сәйкес құқық бұзушыға құқықтары мен міндеттерін, атап айтқанда:

- 1) хаттамамен және істің басқа да материалдарымен, оның ішінде бұзушылықты фото немесе бейнетіркеумен танысуға, түсініктемелер беруге, хаттаманың мазмұны мен ресімделуі жөнінде ескертулер жасауға, дәлелдемелер ұсынуға, өтінішхаттар мәлімдеуге;
- 2) іс қаралған кезде қорғаушының заң көмегін пайдалануға құқылы;
- 3) ана тілінде немесе өзі білетін тілде сөйлеуге және егер іс жүргізіліп отырған тілді білмесе, аудармашы көрсеткен қызметтерді өтеусіз пайдалануға;
- 4) іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларының қолданылуы бойынша шағыммен жүгіну тәртібін түсіндіреді.

Бұл туралы хаттама бланкісінде құқық бұзушының қолы қойылып жазылады.

101. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы ол анықталған жерде толтыру мүмкін болмаған кезде жеке тұлғаларды ең жақын полиция бөлінісінің қызметтік үй-жайларына жеткізу жүзеге асырылады. Құқық бұзушыны жеткізу туралы әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға немесе әкімшілік ұстау туралы хаттамаға (әкімшілік қамауға алу санкциясы бар әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша) тиісті жазба жасалады.

102. Өз өкілеттігі шегінде және сот қаулысымен қойылған шектеулер негізінде ПБЖ жеке сот орындаушыларына жәрдем көрсетеді. Сот қаулысының орындалмау

деректері анықталған кезде құқық бұзушы одан әрі орындау үшін жеке сот орындаушыларына беріледі.

103. Көлік құралын, кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені ұстау, жеткізу және пайдалануға тыйым салу ӘҚБтК нормаларына сәйкес жүзеге асырылады, ол туралы осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша акт жасалады.

Ұсталған көлік құралдары арнайы тұрақтардан беріледі, ал алынған МТБН ұстау себептері жойылғаннан және құқық белгілейтін құжаттар ұсынылғаннан кейін әкімшілік полиция қызметкері қайтарады.

Ұсталған көлік құралдарын арнайы аландардан немесе тұрақтан беру кезінде осы Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсталған көлік құралын беруге рұқсат толтырылады.

Ескерту. 103-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 10.11.2025 № 859 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

104. Уақытша куәлік осы Нұсқаулықтың 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша белгіленген тәртіппен алынған жүргізуші куәлігінің орнына беріледі.

105. Бөлімше басшысы немесе әкімшілік полицияның жауапты қызметкері ІІО бөлімшелерінің деректерімен медициналық мекемелерге куәландыруға жеткізілген адамдар бойынша ай сайынғы салыстырып тексеруді жүргізуді қамтамасыз етеді және осы Нұсқаулыққа 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша акт жасайды.

Ескерту. 105-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 10.11.2025 № 859 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-Параграф. Әкімшілік жауаптылықтан дипломатиялық иммунитетті пайдаланатын және ерекше артықшылығы бар адамдар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу кезінде патрульдік-бекеттік жасақшаларының іс-әрекеттері

106. Әкімшілік жауаптылықтан ерекше артықшылығы мен иммунитеті бар адамдарды (Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, Қазақстан Республикасының Президенттігіне және Парламент депутаттығына кандидаттар, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасы немесе мүшелері, Қазақстан Республикасының Бас прокуроры, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге, судьялар) тиісті келісусіз сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, күштеп әкелуге болмайды. (ӘҚБтК-нің 49-тарауы).

ӘҚБтК-нің баптары бойынша қоғамдық тәртіпті бұзғаны үшін келісім болған кезде, бағынысты сотқа тиісті әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шаралары қабылданады (ӘҚБтК-нің 49-тарауына сәйкес).

Осында жағдайда ПБЖ әкімшілік өндіріс қозғайды, дәлелді баянат жасайды, кезекші бөлімі мен командирді ақпараттандырады. Материалдар одан әрі келісу және тиісті шешім қабылдау үшін прокуратура органдарына жіберіледі.

Полицияның ведомстволық бағынысты органдары әкімшілік материалдар бойынша (ӘҚБтК-нің 685-бабы) әкімшілік өндірісті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтыруға құқығы бар лауазымды адам жүзеге асырады (ӘҚБтК-нің 803, 804-баптары).

107. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әкімшілік жауаптылықтан дипломатиялық иммунитеті бар адамдар (дипломатиялық өкілдіктерінің басшылары, дипломатиялық персонал мүшелері және олардың отбасы мүшелері және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес өзге де адамдар) тиісті келісу кезінде ғана әкімшілік жауаптылыққа тартылуы мүмкін (ӘҚБтК-нің 876-бабы).

Осыған ұқсас фактілер анықталған жағдайда ПБЖ әкімшілік өндіріс қозғайды, дәлелді баянат жасайды, кезекші бөлімі мен командирді ақпараттандырады. Материалдар одан әрі келісу және тиісті шешім қабылдау үшін прокуратура органдарына жіберіледі.

Дипломатиялық иммунитеті бар адамның мәртебесін растайтын құжаттар болған кезде олар да жеке басына қол сұғылмаушылықты пайдаланады және жеке басын жете тексеруге, оларды ұстап алуға немесе күштеп әкелуге болмайды. Олардың өздерімен алып жүрген заттарына да жете тексеру жүргізуге болмайды.

108. Дипломатиялық иммунитеті бар адамдардың қатысуымен болған ЖКО кезінде ПБЖ осы адамға материалдарды рәсімдеу кезінде қатысуды ұсынады. Ол бас тартқан жағдайда ПБЖ оқиғаға қатысушылар туралы қажетті мәліметтерді жазады және ЖКО орнынан кетуге рұқсат береді.

Оқиға болған жерді қарап тексеру хаттамасында жүргізушінің болмау себебі туралы жазба жасалады, оған хаттама толтырушы және екі куә қол қояды.

109. Ерекше артықшылығы мен дипломатиялық иммунитеті бар адамдар көлік құралын басқара отырып, мас күйінде болады деп пайымдауға жеткілікті негіздер болған кезде қызметкер басқа адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында көлік құралының одан әрі қозғалысын тоқтатуға шаралар қабылдайды, бұл туралы консулдық өкілдіктері мен прокуратура органдарын дереу ақпараттандыру үшін кезекші бөлімге және командирге хабарлайды.

110. Дипломатиялық иммунитетті пайдаланатын адамдарды ҚПК-нің 554-бабына сәйкес ұсталынуы мүмкін.

4-Параграф. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу кезінде патрульдік-бекеттік жасақшалардың іс-әрекеттері

111. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алуға, жолын кесуге қатыса отырып, ПБЖ:

1) көшелер мен қоғамдық орындарда кәмелетке толмағандар тарапынан қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алады және жолын кеседі;

2) патрульдеу бағыты шегінде жоғалған (адасқан) балалардың орналасқан жерін (тұрғылықты жерін) анықтау үшін шаралар қабылдайды;

3) мас күйдегі жасөспірімдерді тұрғылықты жеріне жеткізеді және ата-аналарына (қамқоршыларына), медициналық мекемелерге, ювеналды полиция бөліністеріне немесе полиция органдарына тапсырады;

4) кәмелетке толмағандардың қоғамға қарсы топтарын анықтауға, олардың шоғырлану орындарын анықтауға шаралар қабылдайды;

5) кәмелетке толмағандарды құмар ойындарға, спирттік ішімдіктерді, есірткіні пайдалануға, құқық бұзушылықтар не өзге де қоғамға қарсы әрекеттер жасауға шақыратын ересек адамдарды анықтайды;

6) кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта, ата-анасының (өзге де заңды өкілдерінің) немесе балалардың қатысуымен іс-шараларды жүзеге асыратын адамдардың еріп жүруінсіз қоғамдық орындарда болуына жол бермейді.

112. Кәмелетке толмағандардың қатысуымен болған барлық оқиғалар туралы ПБЖ дереу кезекші бөлімге баяндайды және кезекшінің нұсқауына сәйкес әрекет етеді.

5-Параграф. Жол-көлік оқиғаларын жасаған кезде патрульдік-бекеттік жасақшалардың іс-әрекеттері

113. Зардап шегушілермен орын алған ЖКО орнында ПБЖ (ЖТТ, ЖКО орнына шығу бойынша кезекші-инспектор келгенге дейін) мынадай міндеттерді орындайды:

1) зардап шеккендердің санын анықтайды, олардың жағдайының ауырлық дәрежесін бағалайды, жедел медициналық көмек шақырады және ол келгенге дейін дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсетеді, оларды медициналық мекемелерге жеткізуді ұйымдастырады, зардап шеккен азаматтардың деректерін анықтайды, бұл туралы кезекші бөлімге баяндайды;

2) ЖКО-ға қатысушылардың жүргізушілерін, көлік құралдарын және ЖКО-ға қатысы бар басқа да адамдарды анықтайды. Ұтқыр планшеттің көмегімен, ал интернет байланысы болмаған жағдайда кезекші бөлім арқылы оқиға қатысушыларының деректерін тексереді;

3) ЖТТ келгенге дейін оқиға болған жерде аталған адамдардың болуын қамтамасыз етеді;

4) оқиға куәгерлерін анықтайды және олардың деректерін жазады;

5) оқиғаға қатысы бар заттай дәлелдемелерді, іздерді, мүлікті және басқа да заттарды сақтауға және тіркеуге шаралар қабылдайды;

6) оқиға орнына келген ЖТТ-ға жетекшісіне (прокурорға, тергеушіге, анықтаушыға) оқиғаға қатысы бар адамдар мен куәлар туралы мәліметтерді баяндайды, заттай дәлелдемелерді тапсырады және одан әрі оның нұсқауы бойынша әрекет етеді;

7) ЖТТ келгенге дейін және (немесе) оқиға орында процессуалдық әрекеттерді жүргізу кезінде көлік ағынының қозғалысы тоқтатыла тұрады, оқиға орнын басқа жолақтар (бағыттар) бойынша айналып өту үшін жол қозғалысы ұйымдастырылады, ал айналып өтуді ұйымдастыру мүмкін болмаған кезде – көлік құралдарының орналасуын, оқиға іздерін және оқиғаға қатысы бар басқа да мән-жайларды тіркейді (екі куәгердің және оқиғаға қатысушылардың қатысуымен), содан кейін қозғалысты қалпына келтіруге шаралар қабылдайды;

8) қозғалыстың ықтимал бағытын, көлік құралының маркасын, типін, мемлекеттік тіркеу белгісін, түсін, сондай-ақ ЖКО орнынан жасырынған жүргізушісін және көлік құралының ерекше белгілерін анықтайды. Оқиға орнын қарау және куәлардан жауап алу кезінде алынған жасырынған көлік құралы мен жүргізуші туралы деректерді ПБЖ дереу кезекші бөлімге хабарлайды, одан әрі кезекшінің нұсқауларына сәйкес әрекет етеді.

ЖКО болған жердегі іс-әрекеттердің реттілігі жасалған құқық бұзушылықтың сипатына, ПБЖ құрамына және басқа да мән-жайларға байланысты.

114. ЖКО орнында алғашқы іс-қимылдар жүргізілгеннен кейін оқиға орнының сызбасы жасалады. ЖКО орнындағы барлық процессуалдық әрекеттер техникалық құралдармен (бейнетіркегіштермен) тіркеледі және іс материалдарына қоса беріледі.

115. Көлік құралдарының, жүктердің, автомобиль жолдарының, жол құрылыстарының немесе өзге де мүліктің бүлінуіне әкеп соққан және бұл ретте тек материалдық залал келтірілген ЖЖҚ бұзушылықтары туралы материалдарды рәсімдеуді кезекші бөлімнің нұсқауы бойынша ПБЖ ӘҚБтК-ге ережелеріне және "Көлік оқиғасының схемасын жасау ережесін және олардың үлгі нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 9 ақпандағы № 52 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6778 болып тіркелген) сәйкес дербес жүзеге асырады.

6-Параграф. Көлік құралын іздестіру кезінде патрульдік-бекеттік жасақшаларының іс-әрекеттері

116. ПБЖ айдап әкетілген, ұрланған көлік құралдарын, сондай-ақ ЖКО жасырынған жүргізушілерді, көлік құралдарын, көлікті пайдаланумен байланысты өзге де құқық бұзушылықтарды болған орыннан іздеуге қатысады.

117. ПО-ның іздестіру және қоршау іс-шараларының жоспарын қолданысқа енгізу туралы хабарлама келіп түскен кезде ПБЖ дереу ол көрсеткен жергілікті жер учаскесіне, кезекші бөлімге баяндаумен көшіріледі және өтіп бара жатқан көлікті көзбен шолып тексеруді жүзеге асырады.

118. Іздестіру іс-шараларының негізінде іздеуде жүрген көлік құралдарының түсі мен өзіне тән белгілері бойынша бірдей (ұқсас) маркаларын тоқтатады. Бұл ретте типін,

моделін, мемлекеттік тіркеу белгісін салыстырады, қолда бар біріктірілген деректер банкі бойынша көлік құралының деректемелерін тексереді.

119. Издестіріліп жатқан көлік құралы құқық белгілейтін құжаттарды қолдан жасау белгілері, сондай-ақ нөмірлердің өзгеру (болмау) белгілері немесе олардың тіркеу құжаттарындағы деректермен айырмашылығы анықталған жағдайда ПБЖ бұл туралы дереу кезекші бөлімге баяндайды, өзінің жеке қауіпсіздігі мен жол қозғалысына қатысушылардың қауіпсіздігін сақтай отырып, көлікті және ондағы адамдарды ұстауға шаралар қолданады.

ЖТТ келгенге дейін көлік құралын басқа жерге айдап апаруға және нәтижесінде іздер мен заттай айғақтар жойылуы мүмкін өзге де іс-әрекеттер жүргізуге тыйым салынады.

Жиналған бастапқы материалдарын, көлік құралдарын ЖТТ немесе бұзушылық анықталған (жасалған) жердегі полиция органдарына тапсырады.

7-Параграф. Төтенше жағдайлар кезінде патрульдік-бекеттік жасақшалардың іс-әрекеттері

120. Өрт кезіндегі ПБЖ-ның іс-әрекеттері:

1) дереу кезекші бөлімге баяндайды, тұрғындарды хабардар етеді және эвакуациялау бойынша шаралар қабылдайды, коммуналдық, авариялық-құтқару, өрт сөндіру және медициналық қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз етеді;

2) күдіктілерді ұстауға, куәларды, көрген адамдарды анықтауға шаралар қолданады;

3) емдеу мекемелеріне зардап шеккендерді жеткізуде медицина қызметкерлеріне көмек көрсетеді;

4) жанып жатқан ғимараттарға өртті жоюға тартылған адамдардан басқа ешкімді жібермейді, периметрдің қоршалуын қамтамасыз етеді;

5) кезекші бөлімнің (командирдің) нұсқауына дейін мүлікті және оқиға орнын күзетуді ұйымдастырады.

121. Су тасқыны, сел кезінде:

1) су басу қаупі туралы дереу кезекші бөлімге баяндайды және шешім сұрайды, халықты хабардар етеді;

2) азаматтар мен мүлікті құтқаруға шаралар қабылдайды, оларды (бірінші кезекте балаларды, әйелдерді, қарттар мен науқастарды) және мүлікті эвакуациялауды ұйымдастырады, зардап шеккендерге көмек көрсетеді;

3) су басқан аудандардан халықты өткізу кезінде тәртіпті қамтамасыз етеді;

4) мүлікті қорғауды ұйымдастырады, тонау деректерінің алдын алады.

122. Боран, дауыл, қар басу, тұман және көктайғақ кезінде:

1) жағдайды дереу кезекші бөлімге баяндайды, көлік пен жаяу жүргіншілердің қозғалысын бақылауды күшейтеді, жүргізушілер мен азаматтарға қауіп және қажетті сақтық шаралары туралы ескертеді;

2) дәрменсіз күйдегі зардап шеккендерге көмек көрсетеді, азаматтарды жылыту және эвакуациялау, тұрып қалған және ақаулы көлік құралдарын сүйрету бойынша шаралар қабылдайды;

3) еңбекке жарамды халықты және көлік құралдарын коммуналдық қызметтермен бірге қар басқан үйлерді, көшелер мен автомобиль жолдарын тазартуға, сондай-ақ көктайғаққа қарсы инертті материалдарды себу үшін жұмылдыруға жәрдемдеседі;

4) кезекші бөлімнің нұсқауы бойынша "Шеп" бөгеу жүйесінің стационарлық бақылау бекеттеріндегі елді мекендерден, сондай-ақ жекелеген жергілікті жер учаскелерінен шығу жолдарын жабуды қамтамасыз етеді.

123. Жер сілкінісі кезінде:

1) жағдайды дереу анықтайды және кезекші бөлімге баяндайды;

2) қозғалыс үшін қауіпті орындарды анықтайды және көлік ағындары мен жаяу жүргіншілерді қауіпсіз бағыттар бойынша бағыттайды;

3) азаматтарды құтқаруға, зардап шеккендерге көмек көрсетуге, оларды медициналық көмек пункттеріне жіберуге шаралар қолданады;

124. Апаттар, зілзалалар мен авариялар туындаған кезде:

1) болған жағдай туралы дереу кезекші бөлімге баяндайды және азаматтарды құтқару, зардап шеккендерге көмек көрсету және оларды емдеу мекемелеріне жіберу шараларын қабылдайды;

2) коммуналдық, авариялық-құтқару, өрт сөндіру және медициналық қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз етеді;

3) кезекші бөлімнен (командирден) өзге нұсқау келіп түскенге дейін оқиға орнын күзетуді қамтамасыз етеді;

4) оқиға орнына, оның зардаптарын жоюға тартылған адамдардан басқа бөгде адамдарды жібермейді;

5) ТЖ салдарын жою, қоршауды ұйымдастыру үшін халықты, көлік және басқа да құралдарды тартуды ұйымдастырады.

125. Эпидемия кезінде:

1) ауру деректері туралы дереу кезекші бөлімге баяндайды;

2) жеке қорғаныш құралдарын пайдалу арқылы эпидемияға қарсы жеке қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, азаматтардың және көліктің залалданған аймаққа өтуін шектеуді қамтамасыз етеді;

3) инфекциялық ауруханалар мен карантиндік стационарларды, сумен жабдықтау көздерін, ықтимал жұқтыру ошақтарын күзетуді ұйымдастырады;

4) өкілеттілігі шегінде карантин режиміне байланысты шектеулерді қамтамасыз етеді;

5) кезекші бөлімнің нұсқауы бойынша "Шеп" стационарлық полиция бекеттеріндегі елді мекендерден, сондай-ақ жекелеген жергілікті жер учаскелерінен шығу жолдарын

жабуды, сондай-ақ карантиндік іс-шараларды жүргізу кезінде жергілікті жер учаскелерін қоршауды қамтамасыз етеді.

126. Эпизоотиялар кезінде:

1) ауру деректері туралы дереу кезекші бөлімге баяндайды;

2) жеке қорғаныш құралдарын пайдалу арқылы эпидемияға қарсы жеке қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, азаматтардың және көліктің залалданған аймаққа өтуін шектеуді қамтамасыз етеді;

3) сумен жабдықтау көздерін, жұқтыру ықтимал ошақтарды күзетуді ұйымдастырады;

4) карантин жарияланған аумақта қоғамдық тәртіптің сақталуын, жануарлардың аса қауіпті аурулары бойынша шектеу іс-шараларын қамтамасыз етеді;

5) кезекшінің нұсқауы бойынша елді мекендерден, жекелеген жергілікті жер учаскелерінен кіру және шығу жолдарын жабуды, сондай-ақ карантиндік іс-шараларды жүргізу кезінде жергілікті жер учаскелерін қоршауды қамтамасыз етеді.

127. Қоғамдық тәртіпті жаппай бұзу қаупі төнген кезде:

1) дереу кезекші бөлімге баяндайды;

2) қауіп төндіретін себептерді, ниеттерді, санын, жиналған қару мен басқа да заттардың бар-жоғын анықтау мақсатында қалыптасқан жағдайды байқауды және бағалауды қамтамасыз етеді;

3) азаматтарға олардың іс-әрекеттерінің заңсыздығы туралы ескертеді және таралуды талап етеді;

4) жанжалдың одан әрі ушығуы және қоғамдық тәртіпті жаппай бұзуға алғышарттар туындаған кезде ПБЖ кезекші бөлімнің нұсқауларына және ведомстволық нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес әрекет етеді.

128. Террористік акт кезінде, жарылғыш құрылғылар, жарылғыш заттар, сондай-ақ азаматтарға қауіп төндіретін радиоактивті, химиялық және басқа да заттар табылған кезде:

1) оқиға туралы дереу кезекші бөлімге баяндайды және қауіпті аймақ периметрін қоршауға (бұғаттауға), келетін шұғыл қызметтердің көлік құралдарының тұрақ орнын ұйымдастыруға шұғыл шаралар қабылдайды;

2) азаматтарды эвакуациялауға және құтқаруға, қылмыскерлерді, куәларды анықтауға көмек көрсетеді;

3) эвакуаторлар мен сүйрегіштердің көмегімен арнайы топтардың жұмысына кедергі келтіретін тұраққа қойылған көліктерді эвакуациялайды.

129. ПО жоспарлары қолданысқа енгізілген жағдайда ПБЖ арнайы топтардың құрамында әрекет етеді.

6-Тарау. Патрульдік-бекеттік қызметті атқаруды қорытындылау

130. Қызметкерлер қызмет аяқталғаннан кейін бөліністің орналасқан жеріне келеді. Олар өздерінің келгені туралы кезекші бөлімге және командирге бекет ведомосына есепке алу үшін баяндайды.

131. Қызметкерлер арттехқаруландыру, қару-жарақ, байланыс пен арнайы техника, жеке қорғаныш және арнайы құралдарын, қызметтік құжаттаманы тапсырады.

Көлік құралдарына бекітілген жүргізушілер жол парақтарын және көлік құралдарын тапсырады.

132. Қызметкерлер ПБЖ жалпы сапқа тұруы жарияланған кезде қызмет атқаруды қорытындылауға қатысады, ол аяқталғаннан кейін бөліністің орналасқан жерінен қайтады.

133. Командирлер ЖПБ жеке жұмысының нәтижелерін, қызмет бойынша ескертулердің болуын қорытындылайды, одан әрі жұмыс режимін жариялайды. Әкімшілік практика бөліністері ӘҚБК нормаларын қолданудың заңдылығын және әкімшілік материалдардың дұрыс толтырылуын тексереді.

Елді мекендерде және қала
сыртындағы автомобиль
жолдарында қоғамдық тәртіпті
күзетуді және жол қауіпсіздігін
қамтамасыз ету жөніндегі
Қазақстан Республикасы
полиция қызметкерлерінің
патрульдік-бекеттік қызметті
атқаруы жөніндегі
нұсқаулыққа
1-Қосымша

Көлік құралын, кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені ұстау, жеткізу және пайдалануға тыйым салу туралы АКТІ

20__ ж. " __ " ____ уақыт " __ " сағ. " __ " мин. _____

(толтырылған орны)

(лауазымды адамның лауазымы, атағы, тегі және аты-жөні)

ӘҚБтК-нің 797-бабына сәйкес, көлік құралын, кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені уақытша сақтау үшін арнаулы алаңдарға, тұрақтарға жеткізу жолымен, оның ішінде басқа көлік құралын (эвакуаторды), кемені немесе шағын көлемді кемені: мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілер кемесін алып қою арқылы ұстау, жеткізу және пайдалануға тыйым салу туралы осы актіні жасады (керегінің астын сызу) көлік құралының меншік иесінің:

Көлік құралының иесінің Т.А.Ә.

Т/ _____

0 /

Көлік құралы кеме, оның ішінде шағын көлемді кеме туралы мәліметтер:

КҚ тіркеу елі

Көлік құралының, кемеңің, оның ішінде шағын көлемді кемеңің жүргізушісі жол берген

Көлік құралының, кемеңің, оның ішінде шағын көлемді кемеңің техникалық жай-күйі

Толықтығы жүктердің болуы және т.б.

(Т.А.Ә., т.ж., тұрғылықты мекен-жайы, жеке басын куәландыратын құжат, байланыс тел. нөмірі)

2) _____

— (Т.А.Ә., т.ж., тұрғылықты мекен-жайы, жеке басын куәландыратын құжат, байланыс тел. нөмірі)

Құқықтары мен міндеттері түсіндірілді:

1) _____ 2) _____

(қолы) (қолы)

Басқа тұлғалар:

_____ (тегі, аты-жөні, қолы)

Актіні жасалған лауазымды тұлға

— (лауазымы, тегі, аты-жөні, қолы)

Құқық бұзушысыға құқытары мен міндеттері түсіндірілді

_____ (тегі, аты-жөні, қолы)

Елді мекендерде және қала
сыртындағы автомобиль
жолдарында қоғамдық тәртіпті
күзетуді және жол қауіпсіздігін
қамтамасыз ету жөніндегі
Қазақстан Республикасы
полиция қызметкерлерінің
патрульдік-бекеттік қызметті
атқаруы жөніндегі нұсқаулыққа
2-Қосымша

Ұсталған көлік құралын беруге рұқсат № _____

— (Рұқсат берген лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (бұдан әрі – Т.А.Ә.)

Көлік құралын беруіңізді сұраймын:

Көлік құралын маркасы _____

— Мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі _____

— КҚ тіркеу елі _____

Құжаттың атауы _____ серия _____ нөмірі _____

Ұсталған күні 20 ____ ж. " ____ " _____

Ұстау себебі _____

Тұрақ актісі № _____ берілген күні 20 ____ ж. " ____ " _____

Т.А.Ә. алушы тұлғаның

Т/ _____

А/ _____

Ә/ _____

Алушының ЖСН (болған жағдайда) _____

Жүргізуші куәлігінің нөмірі, сериясы _____

Рұқсат берген лауазымды тұлға _____

(қолы, тгі аты-жөні)

Елді мекендерде және қала
сыртындағы автомобиль
жолдарында қоғамдық тәртіпті
күзетуді және жол қауіпсіздігін
қамтамасыз ету жөніндегі
Қазақстан Республикасы
полиция қызметкерлерінің
патрульдік-бекеттік қызметті
атқаруы жөніндегі нұсқаулыққа
3-Қосымша

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ	KZ	РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
УАҚЫТША КҮӘЛІК	PERMIS DE CONDUIRE	ВРЕМЕННОЕ УДОСТОВЕРЕНИЕ
01 № 0000000		
(уақытша куәліктің сериясы және нөмірі, серия и номер временного удостоверения)		
1. _____ (тегі, фамилия)		
2. _____ (аты, әкесінің аты, имя, отчество)		
3. _____ (туған күні және жері, дата и место рождения)		
4. _____ (тұрағынсыз жері, место жительства)		
5. Жарамдылық мерзімі: Действительно до: « ____ » ____ 20 ____ ж.; г.		
6. Рұқсат етілген санаттары: Разрешенные категории: А; В; С; D; BE; CE; DE; подкатегории: A1; B1; C1; D1; C1E; D1E. (қарақ өлмесін сызып тастаңыз; нежеліміз көрсетілген)		
		Фотоға арналған орын; Место для фото М.О. М.П.
Фотосуретті несі ең қалауы бойынша ендігімен қоса береді Фотография прилагается владельцем самостоятельно по его желанию		
Уақытша куәлік көлік құралдарын басқару үшін _____ сериялы _____ нөмірлі жүргізуші куәлігінің орнына беріледі Қазақстан Республикасы ӨКБтК _____ бабы бойынша 20 ____ ж. « ____ » _____ алынған. Временное удостоверение выдано на право управления транспортными средствами взамен водительского удостоверения серии _____ № _____, изъятото « ____ » _____ 20 ____ г. по ст. _____ КРҚоАП. Жеке басын куәландырылатын құжаты бар болған кезде берілген күннен бастап 30 тәулік мерзімге жарамды. Действительно в течении 30 суток со дня выдачи при наличии документа удостоверяющего личность. Кім берді _____ (жүелік берген адамның лауазымы, атағы, аты-жөні) Кем выдано _____ (должность, ивание, фамилия и инициалы лица, выдавшего удостоверение) « ____ » ____ 20 ____ ж.; г. (берілген күні, лауазымы адамның қолы, дата выдачи, подпись должностного лица) Жарамдылық мерзімі 20 ____ ж. « ____ » _____ ұзартылды. Срок действия продлен до « ____ » ____ 20 ____ г. М.О. М.П. (уақытша куәліктің жарамдылық мерзімін ұзартқан адамның қолы, лауазымы, атағы, аты-жөні; подпись, должность, ивание, фамилия и инициалы лица, продлившего срок действия временного удостоверения)		

Елді мекендерде және қала
сыртындағы автомобиль
жолдарында қоғамдық тәртіпті
күзетуді және жол қауіпсіздігін
қамтамасыз ету жөніндегі
Қазақстан Республикасы
полиция қызметкерлерінің
патрульдік-бекеттік қызметті
атқаруы жөніндегі нұсқаулыққа
4-Қосымша

Медициналық мекемелерге куәландыруға жеткізілген адамдар бойынша салыстыра тексеру АКТІСІ

№ р/с	Жеткізу күні, уақыты	Куәландыруға жеткізілген адамның тегі және аты-жөні (бар болған жағдайда)	Жеткізу себебі	Жолдама берген адамның лауазымы, тегі және аты-жөні	Қорытынды нөмірі, куәландыру нәтижесі	Қабылданған шаралар (әкімш.хаттама, АЕК, СДТБТ нөмірі)	Ескертпе

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК